

Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 13 ақпандағы № 12 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 5421 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Дербісек ауылдық округінің атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) Дербісек елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге – "Өркениет" атауы;
- 2) Дербісек елді мекеніндегі атауы жоқ № 4 көшеге - "Шаттық" атауы;
- 3) Дербісек елді мекеніндегі атауы жоқ № 5 көшеге - "Жеңіс" атауы;
- 4) Дербісек елді мекеніндегі атауы жоқ № 6 көшеге - "Ақниет" атауы;
- 5) Дербісек елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - "Бәйтерек" атауы;
- 6) Дербісек елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - "Шапағат" атауы;
- 7) Дербісек елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - "Жаңажол" атауы.

2. "Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Дербісек ауылдық округ әкімінің орынбасары А.Абдисаматовқа қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК